__-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
__-қосымша

ЖОБА

**Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)**

## Түсінік хат

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12  бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.  Қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде жүйелі ойды ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізуге, тіл туралы дүниетаным қалыптастыруға, тілді ұлттық құндылық ретінде бағалауға басымдық беріледі. Қазақ тілінің табиғатын таныту арқылы оның грамматикалық заңдылықтары мен функционалдық қызметін жүйелі меңгерту жүзеге асырылады. Қазақ тілін оқытудың нәтижелері білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарға негізделеді. Сөйлесім әрекетінің төрт түрін дамыту арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары, практикалық дағдылары, коммуникативтік-тілдік нормаларды сақтау мәдениеті қалыптасады.

«Қазақ тілі» пәні білім алушылардың қазақ тілінің табиғаты мен қарым-қатынас мәдениеті туралы дүниетанымын кеңейте отырып, ұлттық санасын, ұлттық болмысын, ұлттық рухын, ұлттық ділін дамытуды, мәдени иммунитетін қалыптастыруды көздейді.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – функционалдық сауаттылыққа негіз болатын тілдің ғылыми жүйесі туралы базалық білім беру, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, құндылықтарға негізделген оқу мәтіндері арқылы ұлттық дүниетанымы қалыптасқан елжанды тұлға тәрбиелеу.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

1) базалық тілдік білім негізінде әдеби тіл нормаларын игерту арқылы білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;

2) мәтіндердің стилін, жанрын, типін, түрін, мазмұнын, құрылымын, тілін талдау, өз мәтінін құрастыру дағдысын жетілдіру;

3) мәтіндегі тілдік бірліктердің қызметін талдау арқылы қазақ тілінің құрылымдық жүйесін функционалдық тұрғыдан меңгерту, білім алушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру;

4) білім алушының сөз мәдениетін дамыту, әдеби тіл нормаларын, тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, барлық стильде сауатты сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

5) әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, түрлі стильдер мен жанрларда шығармашылық жұмыстар жазуға баулу;

6) құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілерді қамтитын мәтіндер арқылы білім мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, білім алушының ұлттық санасы мен ұлттық ділін қалыптастыру.

## 1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім мен тәрбиенің біртұтастығы, білім алушының жас ерекшелігіне сәйкестігі, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік дидактикалық ұстанымдарына негізделеді.

2. Оқу процесі пәндік, метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастыққа негізделген 3 бөлімнен тұрады:

1) мәтін талдау (тыңдалым, оқылым);

2) коммуникативтік-тілдік нормаларды меңгеру;

3) мәтін құрастыру (айтылым, жазылым).

Оқу процесі білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, эмоционалдық көңіл-күйіне, денсаулығына оң ықпал ететін заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын, әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы іске асырылады.

3. «Білім алушылардың пәндік, метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасуы әр тоқсанда ұйымдастырылатын мәтін талдау (мазмұнын, құрылымын, тілін талдау), мәтін құрастыру (баяндау/сипаттау/пайымдау мәтінінің; пікірталас (дискуссия)/дәйектеме (аргумент) эссе жазу) деңгейін бағалау арқылы анықталады.

4. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

ЖОБА

5. Оқу үдерісінде барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау, ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру басты назарға алынады.

6. Негізгі мектепте қазақ тілінің сөз байлығын дамытуға, коммуникативтік-тілдік нормаларды меңгертуге баса назар аударылады. Осы мақсатта коммуникативтік-тілдік норма білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, функционалдық тұрғыдан ұсынылады.

7. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын лингвистика ғылымының қарапайым негіздері құрайды. Қазақ тілі пәнінің білім мазмұнына енгізілетін теориялық материалдар (ережелер, анықтамалар) тіл біліміндегі соңғы ғылыми зерттеулерге негізделеді.

8. «Қазақ тілі» оқу пәнінен білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарына басымдық беріледі.

9. «Қазақ тілі» оқу пәнінде тыңдалым, оқылым мәтіндері көлеміне қойылатын талаптар:

| 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|
| 80-120 сөз | 120-140 сөз | 140-160 сөз | 160-180 сөз | 180-200 сөз |

10. Негізгі мектептегі «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

| Жазба жұмыс түрлері | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| Диктант | 70-90 сөз | 90-110 сөз | 110-130 сөз | 130-140 сөз | 140-150 сөз |
| Мазмұндама | 80-100 сөз | 100-120 сөз | 120-140 сөз | 140-160 сөз | 160-180 сөз |
| Баяндау/ сипаттау/ пайымдау мәтіні | 110-130 сөз | 130-150 сөз | 150-180 сөз | - | - |
| Эссе | - | - | - | 180-220 сөз | 230-250 сөз |

## 2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

11. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнында мәтін жүйесі және тіл жүйесі (қазақ тілінің сөз жүйесі, дыбыс жүйесі, сөзжасам, сөз құрамы, сөз тіркесі, сөйлем жүйесі, тіл қисыны және тыныс белгілері) жайлы базалық білім қамтылады.

ЖОБА

12. «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны коммуникативтік-тілдік нормалар жүйесі негізінде меңгертіліп, сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) арқылы меңгертіледі.

13. «Қазақ тілі» пәнін оқыту құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы жүзеге асырылады. Білім мазмұнындағы құндылықтарға негізделген концептілер («Тіл», «Адам», «Отан», «Отбасы», «Ар-ождан», «Мәдениет», «Еңбек», «Табиғат», «Білім», «Намыс») оқылым, тыңдалым мәтіндері арқылы көрініс табады.

14. Оқу материалдары білім алушының ұлттық санасын, ұлттық ділін қалыптастыруға, тұлғаның құндылық бағдарын дамытуға бағытталады.

15. 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтін жүйесі.

Мәтіннің тақырыбы. Тірек сөздер. Мәтіннің құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім). Жай жоспар. Мәтін түрлері: монолог, диалог. Баяндау мәтіні, ерекшелігі, тілдік құралдары, құрылымы мен мазмұны. Хабарлама, құттықтау, хат мәтіні, оның құрылымдық, тілдік ерекшеліктері.

Сөз жүйесі.

Лексикология – сөз туралы ғылым. Сөз бен ұғым. Сөз бен таным. Сөздік қор. Сөздік құрам. Лексикологияның тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Көп мағыналы сөздер. Сөздердің мағыналық топтары: синоним, антоним, омоним. Эвфемизм, дисфемизм, табу сөздер. Тұрақты тіркестер. Мақал-мәтелдер. Сөздерді мағынасына қарай жұмсау амалдары мен нормалары.Сөздердің қолданылу өрісі бойынша түрлері. Неологизмдер. Терминдер мен кәсіби сөздер. Сөздік қор және ұлттық терминдер. Тарихи сөздер. Терминдердің емлесі, айтылу нормалары. Диалект сөз, жаргон, варваризмдер. Кірме сөздер, олардың емлесі, айтылу нормалары. Тіл тазалығы, тіл дәлдігі. Лексикалық норма және сөз мәдениеті.

Дыбыс жүйесі. Фонетика – тіл дыбыстары туралы ғылым. Фонетиканың тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Қазақ әліпбиі. Тіл дыбыстары. Дауысты және дауыссыз дыбыстар, олардың жіктелуі. Үндестік заңы. Буын түрлері. Буын үндестігі. Буын үндестігіне бағынбайтын сөздер. Дауыссыз дыбыстардың үндестігі. Тасымал. Емле және жазу мәдениеті. Орфографиялық норма. Орфоэпиялық норма. Айтылым мәдениеті. Ауызша тілдегі интонация (әуен, әуез, мәнер, кідіріс). Фонетикалық нормалар және сөз мәдениеті.

16. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтін жүйесі. Мәтін бөліктері. Абзац. Күрделі жоспар. Хабарландыру, мінездеме мәтіндері, олардың құрылымдық, тілдік ерекшеліктері. Сипаттау мәтіні, ерекшелігі, тілдік құралдары, құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар. Түрлі дереккөздермен жұмыс істеу мәдениеті. Ақпараттарды өңдеу тәсілдері.

Сөзжасам.

Сөзжасам – туынды сөз туралы ғылым. Сөзжасамның тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Түбір сөз бен туынды сөз. Туынды сөз: мағыналық және тұлғалық ерекшеліктері. Сөздік қор – сөзжасамның негізі. Туынды сөздің жасалу тәсілдері. Туынды сөз жасаушы жұрнақтар. Есім тудырушы жұрнақтар.

ЖОБА

Етістік және үстеу тудырушы жұрнақтар. Мағыналық өзгеру арқылы жасалған туынды сөздердің ерекшелігі. Біріккен сөз, түрлері, мағынасы, жазылу нормасы. Қос сөз, мағынасы, түрлері, жазылу нормасы. Тіркесті сөз, мағынасы, айтылу, жазылу нормасы.

Грамматика туралы түсінік. Грамматиканың салалары.

Сөз құрамы.

Морфология туралы ұғым. Морфологияның зерттеу нысаны. Морфологияның тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Дара және күрделі сөздер. Түбір мен қосымша. Қосымшаның түрлері: жұрнақ пен жалғау. Сөз тудырушы жұрнақтар мен сөз түрлендіруші жұрнақтар.

Сөз таптары.

Сөздерді таптастыру белгілері: мағынасы, түрленімі, қызметі. Атауыш сөздер мен көмекші сөздер. Зат есімнің негізгі белгілері, жасалу жолдары. Дара және күрделі зат есімдер. Деректі және дерексіз зат есімдер. Жалпы және жалқы есімдер. Зат есімдердің айтылу және жазылу нормалары. Сын есімнің негізгі белгілері, жасалу жолдары. Дара және күрделі сын есімдер. Сын есімдердің айтылу және жазылу нормалары. Сан есімнің негізгі белгілері, жасалу жолдары. Дара және күрделі сан есімдер. Сан есімдердің айтылу және жазылу нормалары. Есімдіктің негізгі белгілері, жасалу жолдары. Дара және күрделі есімдіктер. Есімдіктердің түрлері, айтылу және жазылу нормалары. Етістіктің негізгі белгілері, жасалу жолдары. Дара және күрделі етістіктер. Етістіктердің айтылу және жазылу нормалары. Үстеудің негізгі белгілері, жасалу жолдары. Дара және күрделі үстеулер. Еліктеу сөздің негізгі белгілері. Дара және күрделі еліктеу сөздер. Еліктеу сөздердің айтылу және жазылу нормалары. Одағайдың негізгі белгілері. Дара және күрделі зат есімдер. Одағайлардың айтылу және жазылу нормалары. Шылаудың негізгі белгілері. Шылаулардың айтылу және жазылу нормалары.

17. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтін жүйесі. Жинақтау мәтіні. Мәтін мазмұнын шартты белгі, сурет, сызба, кластер, диаграмма, кесте арқылы беру. Сұрақ түрлері. Проблемалық сұрақ. Қосымша дерек іздеу жолдары. Пайымдау мәтіні. Құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар. Өтініш, түсініктеме мәтіндері, олардың құрылымдық, тілдік ерекшеліктері.

Сөз таптары.

Зат есімнің жалғаулары. Көптік жалғау. Септік жалғау. Тәуелдік жалғау. Жіктік жалғау. Сын есімнің шырайлары. Сапалық және қатыстық сын есімдер. Сан есімнің мағыналық топтары. Есімдіктердің түрленуі. Салт және сабақты етістіктер Етіс түрлері: өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс. Рай категориясы. Шақ категориясы. Қазақ тіліндегі қимыл есімі. Есімше, көсемше категориялары. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер. Қалып етістіктері (*отыр, тұр, жатыр, жүр*). Үстеудің түрлері. Еліктеу сөздің түрлері. Одағайдың түрлері. Септеулік, жалғаулық, демеулік шылаулар.

Сөз тіркесі.

Синтаксис нысаны: сөз тіркесі мен сөйлем. Синтаксистің тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің өзге тіркес түрлерінен

ерекшелігі. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу түрлері: матасу, меңгеру, жанасу, қабысу.

18. 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтін жүйесі. Мәтін мазмұны бойынша жазылатын конспект, тезис/ аңдатпа (аннотация)/ рефераттың құрылымы мен рәсімделуі. Жарнама/ сенімхат мәтіндері, олардың құрылымдық, тілдік ерекшеліктері. Пікірталас (дискуссивті) эссе. Құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар. Қосымша ақпараттарды өңдеп қолдану. Сілтеме жасау талабы.

Сөйлем жүйесі.

Сөйлемнің негізгі белгілері. Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: бастауыш, баяндауыш. Сұрақтары, құрамы, қызметі. Бастауыш пен баяндауыштың қиыса байланысуы. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш. Сұрақтары, түрлері, құрамы, қызметі. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі. Бірыңғай мүшелер, айқындауыш, жалпылауыш сөздер. Оқшау сөздер: қаратпа, қыстырма, одағай сөздер. Жай сөйлемдердің айтылуы бойынша түрлері: хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің жасалу жолдары, қызметі, тыныс белгілері. Жай сөйлемдердің жалпы түрлері: жалаң/жайылма, болымды/болымсыз жақты/жақсыз, толымды/толымсыз, атаулы сөйлемдердің қызметі мен тыныс белгілері. Жай сөйлемдердің күрделену жолдары. Құрмалас сөйлемге тән белгілер. Салалас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдері, мағыналық түрлері, қызметі, тыныс белгілері. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдері, мағыналық түрлері, қызметі, тыныс белгілері. Көп құрамды құрмалас сөйлемдер. Көп құрамды салалас құрмалас сөйлемдер: байланысу тәсілдері, түрлері, қызметі, тыныс белгілері. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер: байланысу тәсілдері, түрлері, қызметі, тыныс белгілері. Аралас құрмалас сөйлемдер: байланысу тәсілдері, түрлері, қызметі, тыныс белгілері.

19. 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтін жүйесі. Мәтін стилі мен жанры. Әртүрлі стиль мен жанрдағы мәтіндердің басты белгілері, тілдік құралдары. Презентация жасау мәдениеті. Сын-пікір/ өмірбаян/ библиография/ аннотация мәтіндері, олардың құрылымдық, тілдік ерекшеліктері, жазуға қойылатын талаптар. Дәйектеме (аргумент) эссе. Құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар. Ғылыми жоба талаптары. Шаршытоп алдында сөйлеу мәдениеті.

Тіл қисыны.

Стилистика – тіл қисынын зерттейтін ғылым. Стилистиканың негізгі ұғымы, терминдері, тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Стилистика және әдеби тіл нормалары. Функционалды стиль түрлері мен жанр ұғымының байланысы. Ауызекі сөйлеу стилі, қолданысы, қызметі. Ауызекі сөйлеудің түрлері. Диалог, монолог. Ауызекі сөйлеу стилінің тілдік белгілері. Ауызекі сөйлеу стилінің қолданыс мәдениеті. Көркем әдебиет стилі – көркем шығармалар тілі. Көркем әдебиет стилінің қолданылу өрісі, қызметі, тілдік ерекшелігі. Көркем әдебиет мәтініндегі көріктеуіш құралдар. Көсемсөз (публицистикалық стиль) – бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Көсемсөз жанрлары. Көсемсөз стиліндегі сөз мәдениеті. Ғылыми стиль, ерекшелігі, қолданыс аймағы, негізгі

ЖОБА

белгілері. Ауызша және жазбаша түрлері. Ғылыми терминдер мен ғылым тілі. Ғылыми мәтіндердің шағын жанрлары. Ғылыми стильдегі сөз мәдениеті. Ресми іс қағаздары стилі, қолданысы, қызметі, стильдік белгілері, нормалары. Ресми құжаттардың түрлері.

Пунктуация туралы ұғым.

Пунктуация туралы ұғым. Пунктуацияның ақпарат жеткізудегі қызметі. Тыныс белгілерді қоюдағы ұстанымдар. Тыныс белгілердің түрлері. Сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілер. Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілер. Нүктенің сөйлемнің ішіне қойылуы. Нүктелі үтір, көп нүкте, үтір, сызықша, дефис, қос нүкте, тырнақша, жақшаның қойылуы. Қабаттаса қойылатын тыныс белгілер.

## 3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

20. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша базалық білім мазмұны күтілетін нәтижелерді айқындауға негіз болады.

21. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер білім алушылардың пәндік, метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейімен айқындалады.

22. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары келесі бөлімдер мен бөлімшелерден тұрады:

1. Мәтін талдау (тыңдалым, оқылым):

1) мәтін мазмұнын тану;

2) мәтін құрылымын тану;

3) мәтін тілін тану.

2. Коммуникативтік-тілдік нормаларды меңгеру:

1) мәтін жүйесі

2) тіл жүйесі.

3. Мәтін құрастыру (айтылым, жазылым):

1) берілген мәтін бойынша жұмыс;

2) мәтін құрастыру;

3) ойды жүйелі жеткізу;

4) түрлі дереккөздермен жұмыс.

23. Бағдарламада оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер сандардан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты білдіреді. Екінші сан оқу процесі бөлімдерінің 1. Мәтін талдау (тыңдалым, оқылым); 2. Коммуникативтік-тілдік нормаларды меңгерту; 3. Мәтін құрастыру (айтылым, жазылым) ретін білдіреді. Үшінші сан бөлімшенің, төртінші сан күтілетін нәтижеге бағдарланған оқу мақсаттарының ретін білдіреді.

24. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) мәтін талдау (тыңдалым, оқылым):

| Р/с | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1) Мәтін мазмұнын тану | 5.1.1.1 сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне назар аударып, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай оқу/ сұрақтарға жауап беру/ тірек сөздерді, негізгі ойды анықтау | 6.1.1.1 сөйлеу мәнеріне назар аударып, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай оқу/ сұрақтарға жауап беру, сұрақтар қою/ тірек сөздерді, негізгі және қосымша ақпаратты, құндылықтарды анықтау | 7.1.1.1 сөйлеушінің сөйлеу мәнеріне, тіл байлығына мән беріп, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай оқу/ сұрақтарға нақты мысалдармен жауап беру, проблемалық сұрақтар қою, қосымша дерек келтіреді/ негізгі және қосымша ақпаратты, құндылықтарды анықтау | 8.1.1.1 сөйлеушінің сөйлеу мәдениетіне, тіл байлығына мән беріп, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай, жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес оқу/ проблемалық сұрақтар қою, өмірмен байланыстырады/ детальді ақпаратты, құндылықтарды анықтау | 9.1.1.1 сөйлеушінің сөйлеу мәдениетіне, тіл байлығына мән беріп, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай, стильдік ерекшеліктеріне сәйкес оқу/ жетелеуші сұрақтар қою, сыни пікір білдіру, астарлы ойды, құндылықтарды анықтау |
| 2) Мәтін құрылымын тану | 5.1.2.1 тыңдалған/ оқылған баяндау мәтініне жай жоспар құру; құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау | 6.1.2.1 тыңдалған/ оқылған баяндау/ сипаттау мәтініне жай/ күрделі жоспар құру; құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау | 7.1.2.1 тыңдалған/ оқылған баяндау/ сипаттау/ пайымдау мәтіннің құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау | 8.1.2.1 тыңдалған/ оқылған мәтіннің, пікірталас (дискуссия) эссенің құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау | 9.1.2.1 тыңдалған/ оқылған мәтіннің, дәйектеме (аргумент) эссенің құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау |
| 3) Мәтін | 5.1.3.1 тыңдалған/ оқылған | 6.1.3.1 тыңдалған/оқылған | 7.1.3.1 тыңдалған/оқылған | 8.1.3.1 тыңдалған/ оқылған | 9.1.3.1 тыңдалған/ оқылған |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тілін тану | мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен талдау/ тілдік бірліктердің қызметін анықтау | мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын болжау, сөздіктер арқылы нақтылау/ тілдік бірліктердің қызметін анықтау | мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы анықтау/ тілдік бірліктердің қызметін талдау | мәтіндегі сөздердің контекстік мағынасын анықтау/ тілдік бірліктердің қызметін талдау | мәтіндегі сөздердің стильдік қолданысын анықтау/ тілдік бірліктердің қызметін талдау |

2) коммуникативтік-тілдік нормаларды меңгеру:

| 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|
| 1) Мәтін жүйесі | | | | |
| 5.2.1.1 мәтіннің тақырыбын анықтау, тірек сөздерді табу, мәтіннің құрылымын ажырату, жай жоспар құру | 6.2.1.1 мәтінді абзацтарға бөлу жолдарын меңгеру, күрделі жоспар құру | 7.2.1.1 жинақтау мәтіні түрлерін (шартты белгі, сурет, сызба, кластер, диаграмма, кесте) ажырату | 8.2.1.1 конспект, тезис, аңдатпа (аннотация), рефераттың құрылымы мен рәсімделуін меңгеру | 9.2.1.1 мәтін стилі мен жанрын, олардың басты белгілерін ажырату, тілдік құралдарын меңгеру, презентация жасау мәдениетін игеру |
| 5.2.1.2 мәтіннің түрлерін ажырату, басты белгілерін тану | 6.2.1.2 хабарландыру, мінездеме мәтіндерінің құрылымдық, тілдік ерекшеліктерін білу, қолдану | 7.2.1.2 сұрақ түрлерін ажырату, проблемалық сұрақ құрай алу. қосымша дерек іздеу жолдарын меңгеру | 8.2.1.2 жарнама, сенімхат мәтіндерінің құрылымдық, тілдік ерекшеліктерін білу, қолдану | 9.2.1.2 сын-пікір/ өмірбаян/ библиография/ аннотация мәтіндерінің құрылымдық, тілдік ерекшеліктерін білу, қолдану |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.2.1.3 баяндау мәтінінің ерекшелігін, тілдік құралдарын, құрылымын тану, құрастыру | 6.2.1.3 сипаттау мәтінінің ерекшелігін, тілдік құралдарын, құрылымын тану, құрастыру | 7.2.1.3 пайымдау мәтінінің ерекшелігін, тілдік құралдарын, құрылымын тану, құрастыру | 8.2.1.3 Пікірталас (дискуссия) эссенің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды білу, қолдану | 9.2.1.3 дәйектеме (аргумент) эссенің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды білу, қолдану |
| 5.2.1.4 хабарлама, құттықтау, хат мәтіндерінің құрылымдық, тілдік ерекшеліктерін білу, қолдану | 6.2.1.4 түрлі дереккөздер мен жұмыс істеу мәдениетін, ақпараттарды өңдеу тәсілдерін меңгеру | 7.2.1.4 өтініш, түсініктеме мәтіндерінің құрылымдық, тілдік ерекшеліктерін білу, қолдану | 8.2.1.4 қосымша ақпараттарды өңдеп қолдану, сілтеме жасау талабын меңгеру | 9.2.1.4 ғылыми жоба жазу, шаршытоп алдында сөйлеу мәдениеті мен талаптарын меңгеру |
| 2) Тіл жүйесі | | | | |
| 5.2.2.1 «лексикология» терминінің мәнін түсіну, лексикология саласы бойынша игеретін білімнің маңызын танып, сөз бен ұғымның, сөз бен танымның байланысын білу | 6.2.2.1 «сөзжасам» терминінің мәнін түсіну, сөзжасамның тіл білімінің өзге салаларымен байланысын білу | 7.2.2.1 зат есімнің көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларының ерекшеліктерін білу, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 8.2.2.1 сөйлемнің, сөйлем мүшелерінің негізгі белгілерін, қызметін білу, сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің қиыса байланысатынын түсіну, құрамын, жасалу жолын білу, дұрыс қолдану | 9.2.2.1 «стилистика» терминінің мәнін түсіну, стилистиканың нысанын білу, тіл білімінің өзге салаларымен байланысын ашу |
| 5.2.2.2 сөздік қор мен сөздік құрамның ортақ белгілері мен | 6.2.2.2 түбір сөз бен туынды сөздің басты ерекшелігін түсіну, | 7.2.2.2 сапалық және қатыстық сын есімдерді, | 8.2.2.2 сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің негізгі белгілерін, | 9.2.2.2 стилистика мен әдеби тіл нормаларының |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ерекшеліктерін білу, лексикологияның тіл білімінің өзге салаларымен байланысын түсіну | туынды сөздің мағыналық және тұлғалық ерекшеліктерін меңгеру, сөздік қор сөзжасамның негізі болатынын білу | сын есімнің шырайларын ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану; сан есімнің мағыналық топтарын білу, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | қызметін білу, құрамын, жасалу жолын білу, дұрыс қолдану | байланысын білу |
| 5.2.2.3 тура, ауыспалы, көп мағыналы сөздерді мағынасына қарай таңдап, талғап қолдану, оның сөз мәдениетімен байланысын түсіну | 6.2.2.3 туынды сөздің жасалу тәсілдерін білу, туынды сөз жасаушы жұрнақтарды ажырату, мағыналық өзгеру арқылы жасалған туынды сөздердің ерекшелігін тану; біріккен сөз, қос сөз, тіркесті сөздерді мағынасына, айтылу, жазылу нормасына сәйкес қолдану | 7.2.2.3 есімдіктердің мағыналық топтарын білу, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 8.2.2.3 сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орын тәртібін тәртібін білу, бірыңғай мүше, айқындауыш, жалпылауыш сөз бен оқшау сөздердің ерекшелігін білу, айтылу, жазылу нормаларына сай қолдану | 9.2.2.3 функционалды стильдің түрлерін ажырату, функционалды стильдің ауызша және жазбаша түрлерін білу, стиль түрлері мен жанр ұғымының байланысын білу, стильдік құралдарды сөйлесім мақсатына (хабарлау, ақпаратты жеткізу, әсер ету) сай қолдану |
| 5.2.2.4 | 6.2.2.4 | 7.2.2.4 | 8.2.2.4 | 9.2.2.4 |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| сөздердің мағыналық топтарын ажырату, синоним, антоним, омоним сөздерді мақсатқа сай қолдану | «грамматика» терминінің мәнін түсіну, грамматиканың салаларын ажырату; морфологияның негізгі ұғымдарын, нысаны мен мақсат-міндетін білу, тіл білімінің өзге салаларымен байланысын түсіну | салт және сабақты етіс тіктердің ерекшелігін түсіну, етіс түрлерін ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | жай сөйлемдердің айтылуы бойынша түрлерін білу, жасалу жолдарын түсіну, айтылу, жазылу нормаларына сай қолдану | ауызекі сөйлеу стилін, қолданысы мен қызметін, ауызекі сөйлеудің түрлерін білу, диалог, монолог түрлерін ажырату, сөйлесім мақсатына сай қолдану |
| 5.2.2.5 эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қазақ сөз әдебімен, мәдениетпен, ұлттық ділмен байланысын түсіну, қарым-қатынас этикасына сай талғап қолдану | 6.2.2.5 сөздерді құрамына қарай ажырату, дара және күрделі сөздердің, түбір мен қосымшаның ерекшелігін білу, қосымшаның түрлерін ажырату, әдеби тіл нормасына сай қолдану | 7.2.2.5 қазақ тіліндегі райлардың мәні мен қызметін түсіну, түрлерін ажырату, жасалу жолдарын білу, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 8.2.2.5 жалан/жайылма, болымды/болымсыз сөйлемдердің жасалу жолдарын, қызметін білу, ажырату, қатысым мақсатына сай қолдану | 9.2.2.5 көркем әдебиет стилін, қолданылу өрісін, қызметін, тілдік ерекшелігін, эстетикалық қызметін білу, сөйлесім мақсатына сай қолдану |
| 5.2.2.6 тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктерін білу, сөздерді | 6.2.2.6 сөз таптарын, сөздерді таптастыру белгілерін (мағынасы, түрленімі, | 7.2.2.6 қазақ тіліндегі шақтардың мәні мен қызметін түсіну, түрлерін | 8.2.2.6 жақты/жақсыз, толымды/толымсыз, атаулы сөйлемдердің жасалу жолдарын, | 9.2.2.6 көркем әдебиет мәтініндегі көріктеуіш құралдардың түрлерін білу, |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| мағынасына қарай талғап жұмсау, көркем, таза сөйлеу талаптарын меңгеру | қызметі) білу, атауыш сөздер мен көмекші сөздерді ажырату, дұрыс қолдану | ажырату, жасалу жолдарын білу, айтылу және жазылу нормаларын а сай қолдану | қызметін білу, ажырату, қатысым мақсатына сай қолдану | ажырату, сөйлесім мақсатына сай қолдану |
| 5.2.2.7 сөздерді қолданыс өрісіне қарай дұрыс жіктеудің жолдарын білу, тұлға мәдениетімен б айланысын түсіну | 6.2.2.7 зат есімнің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын білу, дара және күрделі, деректі және дерексіз, жалпы және жалқы зат есімдерді ажырату, айтылу және жазылу нормасына сай қолдану; сын есімнің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын білу, дара және күрделі сын есімдерді ажырату, сын есімдердің айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 7.2.2.7 қазақ тіліндегі қимыл есімін, есімше мен көсемшенің түрлерін білу, көмекші етістіктердің ерекшелігін түсіну, айтылу және жазылу нормаларын а сай қолдану | 8.2.2.7 жай сөйлемдердің күрделену жолдарын (бірыңғай мүшелер, айқындауыш, жалпылауыш, оқшау сөздер) білу, қатысым мақсатына сай қолдану, тыныс белгілерін дұрыс қою | 9.2.2.7 көсем сөз – бұқаралық ақпарат құралдарын ың тілі екенін, қызметін білу, жанрларын ажырату, сөйлесім мақсатына сай қолдану |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.2.2.8 неологизмдердің, терминдер мен кәсіби сөздердің, тарихи сөздердің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін білу, дұрыс қолдану, сөздік құрамды байытудағы рөлін түсіну; сөздік қор ұлттық термин жасаудың негізі екенін білу | 6.2.2.8 сан есімнің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын білу, дара және күрделі сан есімдерді ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану; есімдіктің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын білу, дара және күрделі есімдіктерді, есімдіктердің мағыналық түрлерін ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 7.2.2.8 үстеудің түрлерін, басты ерекшеліктерін білу, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 8.2.2.8 құрмалас сөйлемдердің белгілерін білу, салалас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, қызметін түсіну, мағыналық түрлерін ажырату, қатысым мақсатына сай қолдану, тыныс белгілерін дұрыс қою | 9.2.2.8 ғылыми стильдің ерекшелігін, қолданыс аймағын, негізгі белгілерін, ауызша және жазбаша түрлерін білу, ғылыми терминдер мен ғылым тілінің ерекшелігін ажырату, сөйлесім мақсатына сай қолдану |
| 5.2.2.9 диалект сөз, жаргон, варваризмдердің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін білу, тіл тазалығына кері әсерін түсіну; кірме сөздердің емлесі мен айтылу нормаларын | 6.2.2.9 етістіктің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын білу, дара және күрделі етістіктерді ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану; үстеудің | 7.2.2.9 еліктеу сөз бен одағайдың түрлерін білу, ажырату, құрамындағы дыбыстардың әсерін түсіну, айтылу және жазылу нормаларын | 8.2.2.9 сабақтас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, қызметін түсіну, мағыналық түрлерін ажырату, қатысым мақсатына сай қолдану, тыныс | 9.2.2.9 ғылыми мәтіндердің шағын жанрларын ажырату, ғылыми стильдегі сөз мәдениетін меңгеру, сөйлесім мақсатына сай қолдану |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| білу, дұрыс қолдану | негізгі белгілерін, жасалу жолдарын білу, дара және күрделі үстеулерді ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | а сай қолдану; шылаудың түрлерін білу, ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | белгілерін дұрыс қою | |
| 5.2.2.10 «фонетика» терминінің мәнін түсіну, тіл білімінің өзге салаларымен байланысын түсіну, қазақ әліпбиінің құрамы мен ерекшелігін білу | 6.2.2.10 еліктеу сөздің негізгі белгілерін білу, дара және күрделі еліктеу сөздерді ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 7.2.2.10 «синтаксис» терминінің мәнін түсіну, синтаксистің нысанын білу, тіл білімінің өзге салаларымен байланысын ашу | 8.2.2.10 көп құрамды салалас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, қызметін түсіну, қатысым мақсатына сай қолдану, тыныс белгілерін дұрыс қою | 9.2.2.10 ресми іс қағаздары стилін, қолданысын, қызметін, стильдік белгілері мен нормаларын білу, ресми құжаттардың түрлерін ажырату, рәсімдеу, мақсатқа сай дұрыс қолдану |
| 5.2.2.11 тіл дыбыстарының жасалу жолдарын білу, дауысты және дауыссыз дыбыстарды жіктей алу, қазақ тіліндегі үндестік заңының маңызын түсіну, дұрыс қолдану, буын түрлерін | 6.2.2.11 одағайдың негізгі белгілерін білу, дара және күрделі одағайларды ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 7.2.2.11 сөз тіркесінің ерекшелігін білу, өзге тіркес түрлерінен ажырату, байланысу тәсілдерін меңгеру, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 8.2.2.11 көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, қызметін түсіну, қатысым мақсатына сай қолдану, тыныс белгілерін дұрыс қою | 9.2.2.11 «пунктуация» терминінің мәнін түсіну, нысанын білу, тіл білімінің өзге салаларымен байланысын ашу, пунктуацияның ақпарат жеткізудегі қызметін, тыныс |

ЖОБА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ажырату, дұрыс тасымалдау | | | | белгілерін қоюдағы ұстанымдарды, сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілердің ерекшеліктерін білу, нормаға сай қолдану |
| 5.2.2.12 емленің жазу мәдениетімен байланысын түсіну, орфографиялық, орфоэпиялық норманы түсіну, дұрыс қолдану, ауызша тілде интонацияны сақтап сөйлеу; фонетикалық норма мен сөз мәдениетінің байланысын түсіну | 6.2.2.12 шылаудың негізгі белгілерін білу, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 7.2.2.12 сөз тіркесінің байланысу түрлерін білу, ажырату, айтылу және жазылу нормаларына сай қолдану | 8.2.2.12 аралас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, түрлерін, қызметін түсіну, қатысым мақсатына сай қолдану, тыныс белгілерін дұрыс қою | 9.2.2.12 сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілерінің қызметін, қабаттаса қойылатын тыныс белгілерінің ерекшеліктерін білу, нормаға сай қолдану |

3) мәтін құрастыру (айтылым, жазылым):

| Р/с | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1) Берілген мәтін бойынша жұмыс | 5.3.1.1 мәтін бойынша жай жоспар құру; мәтіндегі негізгі ойды қысқартып | 6.3.1.1 мәтін бойынша жай/ күрделі жоспар құру; мәтіндегі негізгі ойды қысқартып/ кеңейтіп | 7.3.1.1 өлеңді сюжетті мәтінге айналдыру; мәтіндегі негізгі ойды өз сөзімен жазу; жинақтау | 8.3.1.1 мәтін мазмұны бойынша конспект, тезис/ аңдатпа (аннотация) / реферат жазу; | 9.3.1.1 мәтін мазмұны бойынша сын-пікір жазу; мәтіндегі негізгі ойды презентация түрінде |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазу; диктант, мазмұндама жазу | жазу/ диктант, мазмұндама жазу | мәтінін (шартты белгі, сурет, сызба, кластер, диаграмма, кесте) түрінде ұсыну/ диктант, мазмұндама жазу | мәтіндегі негізгі ойды постер, эйдос-конспект түрінде ұсыну; диктант, мазмұндама жазу | ұсыну/ диктант, мазмұндама жазу |
| 2. Өз мәтінін құрастыру | 5.3.2.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ұсынылған тақырып бойынша монолог/ диалог түріндегі мәтінді бастап/жалғастырып жазу; баяндау мәтінін жазу | 6.3.2.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ұсынылған тақырып бойынша абзац; шағын монолог/ диалог түріндегі мәтін құрастырып жазу; сипаттау мәтінін жазу | 7.3.2.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ұсынылған тақырып бойынша пайымдау мәтінін жазу | 8.3.2.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ұсынылған тақырып бойынша Пікірталас (дискуссивті) эссе жазу | 9.3.2.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ұсынылған тақырып бойынша дәйектеме (аргумент) эссе жазу |
| | 5.3.2.2 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, хабарлама/ құттықтау/ хат мәтінін құрастырып жазу | 6.3.2.2 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, хабарландыру/ мінездеме мәтінін құрастырып жазу | 7.3.2.2 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, өтініш/ түсініктеме жазу | 8.3.2.2 әдеби тіл нормаларына сай жарнама/ сенімхат жазу | 9.3.2.2 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, өмірбаян мәтінін жазу; ғылыми жоба тақырыбы бойынша библиография/ |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аннотация жазу |
| 3. Ойды жүйелі жеткізу | 5.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды түсінікті жеткізу | 6.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды анық, түсінікті жеткізу | 7.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, дауыс ырғағы, қарқын, кідіріс, екпін, интонацияны қолдануға мән беріп, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды жүйелі жеткізу | 8.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, дауыс ырғағы, қарқын, кідіріс, екпін, интонацияны өз мақсатына сай қолданып, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды жүйелі жеткізу | 9.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, дауыс ырғағы, қарқын, кідіріс, екпін, интонацияны тыңдаушыға әсер ету мақсатына сай орынды қолданып, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды жүйелі жеткізу |
| 4. Түрлі дереккөздермен жұмыс | 5.3.4.1 ақпараттық ресурстарды пайдалану, ЖИ көмегімен алынған ақпараттарды өз | 6.3.4.1 ақпараттық ресурстарды пайдалану жолдарын білу, ЖИ көмегімен алынған ақпараттарды іріктеу, өз | 7.3.4.1 ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану, ЖИ көмегімен алынған ақпараттарды өңдеу, жаңаша | 8.3.4.1 түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды тиімді қолдану, авторына сілтеме жасау, ЖИ көмегімен | 9.3.4.1 түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды тиімді қолдану, авторына сілтеме жасау, ЖИ көмегімен |

ЖОБА

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөзімен жазу | сөзімен жазу | құрастырып жазу | алынған ақпараттарды өңдеу, жаңаша құрастыру, өз сөзімен жазу | алынған ақпараттарды салыстыру, өңдеу, жаңаша құрастыру, өз сөзімен жазу |

25. Осы оқу бағдарламасы негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс білім мазмұны мен күтілетін нәтижелерінің көлемі белгіленген.

**4-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар**

26. Ұзақ мерзімді жоспардағы сыныптар бойынша 2-параграфтың 13-пунктінде көрсетілген құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілердің (Адам, Ар-Ождан, Намыс, Отбасы, Отан, Тіл, Мәдениет, Білім, Еңбек, Табиғат) реті сақталып, лексикалық бөлім атауы сәйкестендіріліп алынды.

27. Лексикалық бөлім тақырыптарын бөлімшелерге бөлу кезінде білім алушылардың жас ерекшелігі ескеріліп (сыныптың өсуіне қарай), бөлімше атаулары, мазмұны шиыршық әдісі арқылы күрделеніп, түрлендіріліп беріледі.

1) 5-сынып:

| 1-тоқсан | | | |
|---|---|---|---|
| Тақырыптар | Құндылық, мазмұндық концепт бағыттары | Оқу үдерісінің кезеңдері (сөйлеу әрекетінің түрлері) | Оқу мақсаттары |
| Мәтіннің тақырыбы. Тірек сөздер. Мәтіннің құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды | Өнер алды – қызыл тіл (Тіл). | Мәтін талдау (тыңдалым, оқылым) | 5.1.1.1 сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне назар аударып, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай оқу/ сұрақтарға жауап беру/<br>тірек сөздерді, негізгі ойды анықтау<br>5.1.2.1 тыңдалған/ оқылған баяндау мәтініне жай жоспар құру; |

ЖОБА

| | | | |
|---|---|---|---|
| бөлім). Жай жоспар.<br><br>Лексикология – сөз туралы ғылым. Сөз бен ұғым. Сөз бен таным.<br><br>Сөздік қор. Сөздік құрам. Лексикологияның тіл білімінің өзге салаларымен байланысы.<br><br>Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Көп мағыналы сөздер. | Адамдық борышым (Адам).<br><br>Ар-ождан керек әрдайым (Ар-ождан. Намыс) | | құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау<br>5.1.3.1 тыңдалған/оқылған мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен талдау/ тілдік бірліктердің қызметін анықтау |
| | | Коммуникативтік-тілдік нормалар | 5.2.1.1 мәтіннің тақырыбын анықтау, тірек сөздерді табу, мәтіннің құрылымын ажырату, жай жоспар құру |
| | | | 5.2.2.1 «лексикология» терминінің мәнін түсіну, лексикология саласы бойынша игеретін білімнің маңызын танып, сөз бен ұғымның, сөз бен танымның байланысын білу<br>5.2.2.2 сөздік қор мен сөздік құрамның ортақ белгілері мен ерекшеліктерін білу, лексикологияның тіл білімінің өзге салаларымен байланысын түсіну<br>5.2.2.3 тура, ауыспалы, көп мағыналы сөздерді мағынасына қарай таңдап, талғап қолдану, оның сөз мәдениетімен байланысын түсіну |
| | | Мәтін құрастыру (айтылым, жазылым) | 5.3.1.1 мәтін бойынша жай жоспар құру; мәтіндегі негізгі ойды қысқартып жазу; диктант, мазмұндама жазу<br>5.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды түсінікті жеткізу<br>5.3.4.1 ақпараттық ресурстарды пайдалану, ЖИ көмегімен алынған ақпараттарды өз сөзімен жазу |
| 2-тоқсан | | | |
| Мәтін түрлері: монолог, диалог. | Тәрбие - тал | Мәтін талдау | 5.1.1.1 сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне назар аударып, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық |

ЖОБА

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сөздердің мағыналық топтары: синоним, антоним, омоним.<br><br>Эвфемизм, дисфемизм, табу сөздер.<br><br>Тұрақты тіркестер. Мақал-мәтелдер. Сөздерді мағынасына қарай жұмсау амалдары мен нормалары. | бесіктен (Отбасы).<br><br>Туған жердей жер болмас... (Отан). | (тыңдалым, оқылым) | нормаға сай оқу/ сұрақтарға жауап беру/<br>тірек сөздерді, негізгі ойды анықтау<br>5.1.2.1 тыңдалған/ оқылған баяндау мәтініне жай жоспар құру;<br>құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау<br>5.1.3.1 тыңдалған/оқылған мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен талдау/ тілдік бірліктердің қызметін анықтау |
| | | Коммуникативтік-тілдік нормалар | 5.2.1.2 мәтіннің түрлерін ажырату, басты белгілерін тану |
| | | | 5.2.2.4 сөздердің мағыналық топтарын ажырату, синоним, антоним, омоним сөздерді мақсатқа сай қолдану<br>5.2.2.5 эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қазақ сөз әдебімен, мәдениетпен, ұлттық ділмен байланысын түсіну, қарым-қатынас этикасына сай талғап қолдану<br>5.2.2.6 тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктерін білу, сөздерді мағынасына қарай талғап жұмсау, көркем, таза сөйлеу талаптарын меңгеру |
| | | Мәтін құрастыру (айтылым, жазылым) | 5.3.1.1 мәтін бойынша жай жоспар құру; мәтіндегі негізгі ойды қысқартып жазу; диктант, мазмұндама жазу<br>5.3.2.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ұсынылған тақырып бойынша монолог/ диалог түріндегі мәтінді бастап/жалғастырып жазу<br>5.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды түсінікті жеткізу |

ЖОБА

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 5.3.4.1 ақпараттық ресурстарды пайдалану, ЖИ көмегімен алынған ақпараттарды өз сөзімен жазу |
| 3-тоқсан | | | |
| Баяндау мәтіні, ерекшелігі, тілдік құралдары, құрылымы мен мазмұны.<br><br>Сөздердің қолданылу өрісі бойынша түрлері.<br><br>Неологизмдер. Терминдер мен кәсіби сөздер. Сөздік қор және ұлттық терминдер. Тарихи сөздер. Терминдердің емлесі, айтылу нормалары.<br><br>Диалект сөз, жаргон, варваризмдер. Кірме сөздер, олардың емлесі, айтылу нормалары. Тіл тазалығы, тіл дәлдігі. Лексикалық норма | Мәдениет: тіл және қарым-қатынас (Мәдениет).<br><br>Еңбек түбі – береке (Еңбек).<br><br>Қазақтың ұлттық тағамдары. | Мәтін талдау (тыңдалым, оқылым) | 5.1.1.1 сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне назар аударып, мәтінді тыңдау/орфоэпиялық нормаға сай оқу/сұрақтарға жауап беру/тірек сөздерді, негізгі ойды анықтау<br>5.1.2.1 тыңдалған/оқылған баяндау мәтініне жай жоспар құру; құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау<br>5.1.3.1 тыңдалған/оқылған мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен талдау/ тілдік бірліктердің қызметін анықтау |
| | | Коммуникативтік-тілдік нормалар | 5.2.1.3 баяндау мәтінінің ерекшелігін, тілдік құралдарын, құрылымын тану, құрастыру |
| | | | 5.2.2.7 сөздерді қолданыс өрісіне қарай дұрыс жіктеудің жолдарын білу, тұлға мәдениетімен байланысын түсіну<br>5.2.2.8 неологизмдердің, терминдер мен кәсіби сөздердің, тарихи сөздердің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін білу, дұрыс қолдану, сөздік құрамды байытудағы рөлін түсіну; сөздік қор ұлттық термин жасаудың негізі екенін білу<br>5.2.2.9 диалект сөз, жаргон, варваризмдердің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін білу, тіл тазалығына кері әсерін түсіну; кірме сөздердің емлесі мен айтылу нормаларын білу, дұрыс қолдану |

ЖОБА

| | | | |
|---|---|---|---|
| және сөз мәдениеті. | | Мәтін құрастыру (айтылым, жазылым) | 5.3.1.1 мәтін бойынша жай жоспар құру; мәтіндегі негізгі ойды қысқартып жазу; диктант, мазмұндама жазу<br>5.3.2.1 баяндау мәтінін жазу<br>5.3.3.1 тіл дыбыстарының артикуляциясын сақтап, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу, лексика-грамматикалық норманы сақтап, жағдаяттық тапсырма бойынша ойды түсінікті жеткізу<br>5.3.4.1 ақпараттық ресурстарды пайдалану, ЖИ көмегімен алынған ақпараттарды өз сөзімен жазу |
| 4-тоқсан | | | |
| Хабарлама, құттықтау, хат мәтіні, оның құрылымдық, тілдік ерекшеліктері.<br><br>Фонетика – тіл дыбыстары туралы ғылым. Фонетиканың тіл білімінің өзге салаларымен байланысы. Қазақ әліпбиі.<br><br>Тіл дыбыстары. Дауысты және дауыссыз дыбыстар, олардың жіктелуі. Үндестік заңы. Буын түрлері. Буын үндестігі. Буын | Ізденген жетер мұратқа (Білім).<br><br>Табиғат ғажайыптары (Табиғат). | Мәтін талдау (тыңдалым, оқылым) | 5.1.1.1 сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне назар аударып, мәтінді тыңдау/ орфоэпиялық нормаға сай оқу/ сұрақтарға жауап беру;<br>тірек сөздерді, негізгі ойды анықтау<br>5.1.2.1 тыңдалған/ оқылған баяндау мәтініне жай жоспар құру;<br>құрылымдық-мазмұндық бөліктерін талдау<br>5.1.3.1 тыңдалған/оқылған мәтіндегі бейтаныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен талдау/ тілдік бірліктердің қызметін анықтау |
| | | Коммуникативтік-тілдік нормалар | 5.2.1.4 хабарлама, құттықтау, хат мәтіндерінің құрылымдық, тілдік ерекшеліктерін білу, қолдану |
